

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**



**ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН
ОҚЫТУДЫҢ, ӘЛЕУМЕТТІК
ОРТАҒА БЕЙІМДЕУДІҢ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**республикалық ғылыми-практикалық
конференция материалдары**



МАЗМҰНЫ

Лебіздер легі	
Алдабас Н. Ә. Ұстаздық еткен жалықпас.....	6
Абишева Р. Р. Кісі асылы.....	8
Әділханова Ж. С. Ғибратты ғұмыр.....	9
Наралиева Р. Т. Өнегелі өмір.....	13
Ибраимова Ж. Т. Ұлағатты ұстаз жайлы үзік сыр.....	15
Коккозова М. Б., Әбдісқова К. Ж. Ұстаздардың ұстазы.....	16
Ембергенова Қ. Р., Дауытова Ж. К., Буланова Т. М. Математика пәнінің майталман маманы.....	17
Әмірханов М. Б., Тасемирова Г. А. Ұстаз жолындағы қиырлы да ардақты белес.....	19
Аккушкарлова К. А. Об управлении качеством образовательного процесса довузовской подготовки иностранных граждан.....	22
Садықов Ж. С., Әбдібекова К. Ж., Дауытова Ж. Қ. Пән аралық байланысты математика сабағында шетел азаматтарын ізденімпаздық және зерттеулік қабілетін арттыруға пайдалану әдістемесі.....	24
Садықов Ж. С., Әбдібекова К. Ж., Дауытова Ж. Қ. Шетел азаматтарының зерттеулік қабілеттерін арттыруда Чева теоремасын тиімді пайдалану әдістемесі.....	30
Садықов Ж. С., Әбдісқова К. Ж., Дауытова Ж. Қ. Менслай теоремасын планиметрия есептерін шығаруда ұтымды қолдану жолдары.....	34
Садықов Ж. С., Әбдібекова К. Ж., Дауытова Ж. Қ. Арифметикалық және геометриялық прогрессияға берілген кейбір күрделі есептердің шешу жолдары.....	40
Қаратаев Т. Қ. Әл-Фараби аттас тұлғалар.....	44
Катков Е. А. Қисықтардың параметрлік теңдеулері.....	48
Мұлдағалиева Г. А. Шетел азаматтарына қазақ тілі сабағында танымдық ойындар мен рольдік ойындардың маңызы.....	51
Айтуарова Б. М. Ертедегі ғұн мемлекетінің тарихы.....	53
Жунисова Э. Е. Шетел азаматтарына инновациялық технологиялар арқылы қазақ тілі сабағын қорытындылауды зияткерлік сайыс түрінде өткізу.....	55
Мәтбек Н. Қазақ диаспорасы оқилдеріне фонетиканы оқытудың кейбір ерекшеліктері.....	61
Кажиева Н. Е. Инновационные методы в обучении иностранному языку: возможности использования Кейсовой методики.....	65
Мәтбек Н. “Бақырғани кітабындағы” “Ахтам қиссасы”.....	67
Сандықбаева О. Д. Қазақстан тарихы пәнін шетел студенттеріне оқытудың мақсаттары мен міндеттері.....	71
Бейсекенова А. С. Шетелдегі қазақ диаспорасының тіл ерекшеліктері.....	73
Исагулова Д. Д., Рахова К. М. Некоторые психологические аспекты обучения иностранному языку в условиях инновационного образования.....	77
Абдяхитова Г. Н., Тлеужанова Г. Т. Кәсіби қазақ тілін оқыту мәселелері.....	81
Какишева Г. Ж. Языковая личность и ее коммуникативно-познавательные и культурные компетенции.....	86
Какишева Г. Ж. Русский язык в межнациональной коммуникации.....	89
Сулейменова С. С. Инновационные технологии как активная форма обучения русскому языку.....	91

Тойғанбекова М. Ш. Балалар әдебиетіндегі жасөспірімдердің ұлттық болмысы.....	96
Бейсекенова А. С. Шетелде қазақ диаспорасының қалыптасу тарихы.....	101
Телғожаева Ф. С. Білім беру жүйесінде ақпараттық технологияның маңызы.....	106
Ембергенова Қ. Р. Өзге тілді аудиторияда физиканы меңгертудегі кейбір қиыншылықтар.....	107
Буланова Т. М. Физика бойынша білім сапасын арттыруда өзіндік жұмыстардың тиімділігі.....	109
Кенжебаева А., Сиханова Н., Шынбергенов Е., Кужамбердиева С. Ж., Абжалелов Б. Б. Білім беру жүйесінде электронды оқыту кешенін пайдалану.....	111
Кенжебаева А., Сиханова Н., Шынбергенов Е., Кужамбердиева С. Ж., Абжалелов Б. Б. Компьютерлік бағдарламаларының жасаудың болашағы.....	113
Сапаева Г. Е. Әдебиет пен тәрбие сабақтастығы.....	115
Әмірбекова Р. Қ. Синтаксистегі есімше және оның басынқы сыннарда жұмсалыу ерекшеліктері.....	117

қаншалықты өзгеріске ұшыраған сайын да сонымен бірге жана өзгерістерге ұшырайтыны ақиқат. Осындай кезде адам өзінің тектілік, ұлттық тәлім-тәрбиесінің негіздері болып табылатын халықтың үлгі-өнегеден қол үзбеулері ауадай қажет.

Қай халықтың болмасын өзінің сан ғасырға созылған ұрпақ тәрбиелеу үрдісі бар. Ол отбасындағы бала тәрбиесінен басталып, шаруашылық кәсібі, тұрмыс-тіршілігімен бірге жалғасып, салт-дәстүрден, ұлттық саз әуені мен ауыз әдебиеті үлгілерінен өзекті орын алып келген. Ұлт мәдениетінің өзіндік ерекшелігін атқара қарап, терең зерттеген педагог ғалымдардың бәрі де оның тәрбиелік мәнін сөз етпей өткен емес. Ұлттық тәрбиенің ұйтқысы-ана тілі. Тілін жоғалтқан этнос бұрынғы этностық қасиеттен айырылады. Себебі ұлттық мәдениет (салт-дәстүр) ана тілі арқылы ғана өркен жаяды. Ұлт тәрбиесінің сезімдік әсері зор. Сондықтан халықта «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Бұл қазаққа тән жақсы қасиеттер мен ұлттық сананы ұрпаққа қалыптастыру, ұлтымыздың дүниетанымдық тәжірибесін жалғастыру дегенге саяды. Қазаққа тән игілік пен ұлттық сана дегеніміз ол - әдептілік, бауырмалдық, қонақжайлылық, еңбекқұмарлық, ұрлық, қиянат жасамау, үлкенді сыйлау, тағы сондай сияқты. Қазақ ойшылдарының көзқарасындағы басты идея «атаның баласы болма, адамның баласы бол, жақсы көпке ортақ, пайдан еліне, халқына тисін», деген гуманистік ой-пікірді қуаттау болды. Қазақ халқы баланы жамандықтан жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болуын, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі өн мен түрден ләззат ала білетін, хәм байсалды, ойламды, шымыр болып өсуін ұлт тәрбиесінің негізгі қағидасы етіп ұсынған. Тәрбие - бала тумай тұрып, дүниеге әлі келмей тұрып, басталуы тиіс. Халық сондықтан да:

«Отбасында шырақ болып жанады,
Мейірімділік тарататын жанары,
Анасының тәрбиесін, тәлімін,
Сәби болса іште жатып алады.

Бала тәрбиесі басынан, еңбекке баулу жасынан», - дейді.

«Бала болсаң, болғандай бол, айналана қорғандай бол. Бұтақпен ағаш сымбатты, ұрпақпен адам қымбатты. Жеті атасын білген ұл, жетті ұлттың қамын жер. Өзін ғана білген ұл құлағы мен жағын жер», - деген бабаларымыз. Осы ойын тағы жалғастырып олар: «Жалғыз баласы бардың шығар-шықпа: жаны бар. Екі баласы бардың, өкпе, бауыр, жалы бар. Үш баласы бардың Бұқарада пұлы бар», - деген. «Сүйер ұлын болса, сен сүй, сүйенерге жарап ол. Бес жастан кейін құлша жұмса. Он бес жастан кейін досыңдай сырлас», - деген ата-бабамыз, бала тәрбиесін ең алдымен мейірбандыққа үйреткен, ақылын дамытқан. Ақыл - ауыздан, мерей көзден танылған. Содан кейін барып білім берген. Ақын-жыраулар поэзиясындағы тұнып тұрған тәлімдік-тәрбиелік ойлардың бір парасы міне, осындай. [2,11 бет] Сондықтан да қайырымдылық, кішіпейілділік, мейірімділік, жанашырлық, үлкенді сыйлау, адалдық, батырлық сияқты құндылықтарды бала бойына қондыратын.

ғасырлар теңінен, ата-баба елегінен өткен қазақы мінез-құлықтың алтын дінгеі, темірқазығы, бағдаршамы болып табылатын, яғни ұлттың дәстүрлі тәрбиені, мақал-мәтелдердегі үлгі мен өнегені, ұрпақ бойында жандандыру - бүгінгі ұрпақ, біз үшін, жауапты міндет деп ойлаймыз. Халықтық тәрбиенің құяр сағасы - қайратты азаматты баулу, халықтың мұн-мұқтажын сол азаматтың жоқтауы, өз жұртының өркендеп өсіп, көркеюі жолында жанқиярлықпен қайрат жұмсауына саяды: «Ердің баласы - елдің панасы!». Мақал - ақиқат! Өлең - нақыл! Көне грек ғұламаларының айтуына қарағанда, адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігін айқын сезіну үшін бес түрлі шартқа толық жауап беруі тиіс. Біріншіден, сол ұлттың тілін жақсы білуі қажет. Екіншіден, сол ұлттың дінін терең меңгергені жөн. Үшіншіден, сол ұлттың дәстүрін толық бойына сіңіруі тиіс. Төртіншіден, сол ұлттың тарихын бес саусағындай білгені абзал. Бесіншіден, сол ұлт мекендеген жердің ой-шұңқырын жақсы білуі парыз. Осындай бес сипаттаманы бойына дарытқан адам ғана сол ұлттың толыққанды өкілімін деуге құқылы- дейді грек ойшылдары.[3]

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.Құсайынов «Білім алды - тәрбие» Егемен Қазақстан, 2006 жыл.
2. Б.Бәмішұлы «Ұрпақ тәрбиесі - ұлт тағдыры» «Қазақ тілі мен әдебиеті» кітабы. 2005 жыл.
3. К. Қожахметова «Ұлт тағдыры мен қыз бала тәрбиесі - біртұтас». «Ұлт тағылымы» журналы 2005 жыл.

СИНТАКСИСТЕГІ ЕСІМШЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСЫҢҚЫ СЫҢАРДА ЖҰМСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Өмірбекова Р.Қ.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Синтаксис, оның үлкен бір саласы сөз тіркестері қазіргі кезде жан-жақты зерттеудің объектісі болуда.

Қазақ тіл білімінде сөз тіркестерін М. Балақаев арнайы зерттей келе, оның негізгі:

- а) байланысу формалары,
- ә) байланысу тәсілдері,
- б) синтаксистік қатынастары,

в) түрлері сияқты басты-басты объектілерін нақтылап, соның әрқайсысы арнайы зерттелу үстінде. Әсіресе сөз тіркестерінің осы объектілерінің ішіндегі олардың түрлерін есімді, етістікті сөз тіркестері деп топтап беру сөз тіркесінің жігін айқындаудағы ең негізгі болып табылса керек.

Әрине, сөз тіркестерін есімді, етістікті деп бөлу олардың басыңқы сыңарларының қай сөз таптарынан болуына негізделсе керек. Соның ішінде етістікті сөз тіркестерінің морфологиялық, құрылымдық түрлерінің ролі әр түрлі. Етістіктердің басыңқы қызметте жұмсалыуы мен оның басыңқы қызметтегі ерекшеліктері туралы М.Балақаев, Р.Әміров, Т. Сайрамбаев, Ә.Әбілақов т.б. ғалымдар едәуір дәрежеде пікір айтқаны белгілі [36,28,109,24]. Дегенмен, етістік – сан кырлы сөз табы. Сондықтан да олардың басыңқы қызметімен бірге енді басыңқы сыңарларының бағыныңқы сыңарларға ауысу процесіне тоқталмақпыз. Ол үшін етістіктің әр түрлі категорияларының сөз тіркесінің басыңқы сыңарында жұмсалыу ерекшелігін сөз етелік. Есімшелі оралым синтаксистегі ең күрделі мәселенің бірі: жоғарыда көрінгендей, бұл сияқты топтарды әр түрлі түсіндіру – оның әлі де болса түбегейлі шешім таба қоймағандығын көрсетсе керек. Әрине, есімшелі оралымдарды нақты айту ең алдымен етістіктің негізгі ерекшеліктерін жан жақты көрсету арқылы ғана жүзеге асады. Сондықтан да етістіктің категорияларының сөйлемде қолданылу орындарын айқындаудың да негізгі мәселені шешуге себебі мол тиетіні анық. Басқа сөз таптарына қарағанда етістікті сөз тіркесі сөйлем мүшелері жағынан да көп айтылып келе жатқан сөз табы. Осыған байланысы бұл жерде етістіктің сөз тіркесі мен сөйлем мүшесінде баяндауыш қызметінде жұмсалыуының өзіндік ерекшеліктерін айқындау ең қажет факт.

- Күрделі етістіктер:

Сүйіндік, Сүгірбай осындай сылтауды күтіп, қос қанатын қомдап отыр екен. Алдымен көшкен солар боды да, өзге Бокеншілер де еріксіз тартып кетті (М.Әуезов).

- Салт, сабақты етістіктер:

Бала жігіт бұйрықты орындамады. Үн-түнсіз бұрылды да, оз үйіне қарай жүре берді (Х. Ерғалиев).

- Етістер:

Жүргіншілер келе жатқан қабат-қабат биіктің арасында жатқан жіңішке озен кейде тарауланып көп салаға бөлініп, кейде иін тіркескен биіктік жартастардың арасынан жалғыз аяқ жолдай болып жіңішкеріп, жыланып жіріледі. Отағасы қозғала отырып сөйледі (М.Әуезов). *Сіз қазір пәтеріңізге барып жуынып, тамақтанып, ұйықтап алыңыз* (Х.Ерғалиев).

- Болымды, болымсыз етістіктер:

Нанарын да, нанбасын да білмей, аңырып қалды бәрі (Ғ.Мұстафин). *астыңғы үйдегі бапты аспазшы пісірген ыстық самсаны да жеген жоқ* (Парасат).

- Етістіктің райлары:

Көп кешікпе, еркем, тамақ піскен кезде кел (С.Мұқанов). *Менімен сөйлесіп, осында алып келіңіздер* (М.Әуезов). *Тағы бір соның лебізін естісек екен. Бірақ алыс жүрсе де, со Абайда ақыл мен қайрат, тіл мен тәлімнің мол екенін*

әкесі танитын (М.Әуезов). Осында етістіктердің құрамы жағынан дара, күрделі түрлері, ал етістіктің морфологиялық құрамы жағынан салт, сабақты етістіктер, етістер, болымды, болымсыз, рай түрлері т.б. жай сөйлемнің баяндауышы мен құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарлары қызметінде жұмсалған. Осындағы: отыр екен, тартып кетті, бұрылды, жүре берді, бөлініп, жіріледі, ұйықтап алыңыз, білмей, жеген жоқ, естісек екен т.б. етістіктері тек сөйлемнің соңында ғана жұмсалыуға бейім. Сонда олар сөйлем мүшесі жағынан баяндауыш, ал сөз тіркесінде тек етістікті сөз тіркесінің басыңқы сыңары қызметінде жұмсала алады. Осы жағынан келгенде, бұл топтағы етістіктер тек етістік мағынасынан әрі сөйлем мүшесі, әрі сөз тіркесінің басыңқы сыңары жағынан да нақтылай түседі. Етістіктің баяндауыш болу қызметі мен сөз тіркесіндегі басыңқы сыңары сөйлемнің соңында ғана жұмсала ма? Деген мәселеге тоқталатын болсақ, мұның өзі етістіктердің әрбір түрінің ішкі ерекшеліктеріне байланысты демекпіз. Жоғарыда аталған етістіктердің сөйлемнің соңында ғана жұмсалыу етістіктердің негізгі қасиеті. Сол сияқты кейбір етістіктер сөйлемнің соңында баяндауыш бола отырып, енді сөйлемнің ішінде де жұмсалыуы көбінесе барлық етістіктердің ішінде тек есімше түріне қатысты. Сондықтан да есімшелерде бірде етістік, бірде есімдерше түрленетін деп, олардың өзін осындай ерекшеліктеріне қарай екі жақтан қарастыру үнемі айтылып келеді.

Әрине, есімшелердің әрі сөйлемнің соңында, әрі сөйлемнің ішінде қолданылуының:

а) сөйлем мүшесі жағынан; ә) морфологиялық өзгерісі жағынан; б) тіркесу қабілеті жағынан; в) құрамы жағынан өзіндік ерекшеліктері бар.

Егер есімше сөйлемнің соңында келсе, ол үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалады да, сөз тіркесінің бағыныңқы сыңарын құрайды. Енді есімшелердің қандай тұлғаларда басыңқы сыңарда жұмсалатынын қарастыралық.

-ған, -ген, -қан, -кен жұрнақты есімшелер арқылы: *Кейбіреу жайдары ашық боламын деп, орынсыз адамдармен жыртақтаған* (Абай). *Осы сәлемді ести сала Базаралы атқа мінген* (М.Әуезов).

Тарының шықпай қалғанын Айранбай талай айтқан (М.Әуезов). *Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес, нәзік бел тал шыбықтай бұраңдаған* (Абай).

-атын, -етін жұрнақты есімше арқылы: *Мағаш пен Кәкітай бұл күндерде орташа кітаптарды, әсіресе жеңіл тілмен жазылған романдарды көп оқитын* (М.Әуезов). *Осы еңбекті жазуда көп оқығанын, көп ізденгенін айтатын* (Жұлдыз).

-ар, -ер, -р жұрнақты есімшелер арқылы: *Білімдіден ақыл шығар, ақылды қарттан нақыл шығар* (мақал). *Бүгінгі күресте көрсеткен күшіңді оленге шығар* (С.Мұқанов). *Аудан өкілдері қазір ел ішінде болар* (Ғ.Мұстафин).

Кейде есімшеге қатысты басыңқы сыңардағы есімше, көсемше тұлғалы етістіктермен күрделі түрде жұмсалыуы арқылы: *Ел жата Олжабек көше жөнелген* (Ғ.Мұстафин). *Бұл екі ауылдың арасында мұндай қақтығыс ұдайы болып тұратын* (Ғ.Мүсірепов).

Есімшелерге есімше тұлғалы е көмекші етістігінің тіркесі арқылы күрделі түрде келе береді. Кеше Маржан келіп қымыз ішкен екен (Б.Майлин). Сегіз жүз жылқыдан бір тай қалмаған екен (М.Әуезов).

Есімшеге модаль сөздерінің тіркесі арқылы: Гудок бүгін бұрынғысынан ұзағырақ айқайлаған тәрізді (М.Горький) Осы сөйлемдерде есімшелер **-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын, -итін, -ар, -ер, -р** жұрнақтар арқылы дара, күрделі түрінде сөйлемнің соңында келіп, үнемі баяндауыш қызметінде жұмсалған. Бұл есімшелердің етістік тұлғасындағы үлкен бір белгісі. Бірақ есімше үнемі сөйлемнің соңында келіп баяндауыш қызметінде ғана емес, енді сөйлемнің ішінде де келіп анықтауыш қызметінде жұмсалады. Сөйлемнің соңында келіп, сөйлемді біршама тиянақтау нәтижесінде баяндауыш қызметінде жұмсалса, енді сөйлемнің ішінде анықтауыш қызметінде жұмсалуды оның аясының кеңейгендігін көрсетсе керек. Есімшелердің есімдермен тіркесі арқылы олар сөйлем мүшесі, атқаратын қызметі, тіркесу қабілеті жағынан өзіндік өзгеріске ұшырайды. Әрине, есімшелер баяндауыш қызметінде басқа көмекші етістіктермен тіркесіп келе берсе, енді олар анықтауыштық қызметте көбінесе дара жұмсалады.

Жоғарыдағы есімшелер дара және күрделі түрде жұмсалған. Бірінші топтағы басыңқы сыңардағы етістіктермен екінші топтағы есімшелердің басыңқылық қызметі бірдей. Бұған қарағанда, етістіктер осы топтардың бәрінде тек басыңқылық қызметте жұмсалады деп білеміз.

Бірақ зерттеу барысында, осы екі топтағы есімшелі етістіктер басыңқы сыңарда жұмсалады делінгенімен, олардың сөйлемде қолданылу орындары сөз тіркестерінің басқа сыңарларға ауысу процесі жағынан үлкен айырмашылықтарға ие екенін көреміз.

Жоғарыда айтылғандай, мұның өзі есімшелерге байланысты нақтыланады. Сондықтан да жыртақтаған, айтқан, мінген, бұраңдаған, шығар, болар, айтатын сияқты есімше тұлғалы етістіктер сөйлемнің соңында да, сөйлемнің ішінде де қолданыла алатыны есімшенің әрі етістікті, әрі есімдер сияқты түрленуімен дебайланысты болса керек. Есімшелердің әрі етістік, әрі есімдерше түрленуі, түптеп келгенде, басыңқы сыңарлардың кейде бағыныңқы сыңарда да жұмсалудына әкеліп соғады.

Бұл жерде бізге ең қажетгісі – есімшелердің бағыныңқы қызметте жұмсалуды. Есімшелер сөйлемде басыңқы қызметте жұмсалады делінгенмен кейде есімшенің өзі етістіктермен өзара сөз тіркесін құрайтындығы да белгілі. Бұндай кезде есімшелер етістікті сөз тіркесінде бағыныңқы қызметте де жұмсалады. Есімшелер етістіктермен әрі қабыса, әрі менгеріле байланысады.

Есімшелердің септік жалғауында етістіктермен тіркесуі Ж.Болатов, Т.Ерғалиев еңбектерінде, сол сияқты синтаксистік оқулықтарда үнемі айтылуда. Енді есімшелердің септік жалғауларда бағыныңқы сыңарда жұмсалуды көрсетелік:

- Шырағым, көңілді білдіре келгеніне қатты ырзамын (Ғ.Мұстафин).

- Ұлжан жолдың ұзақ болатынын әбден білетін. Жә, тапқанын мен танығаныңды сен мәлім етші, балам – деді (М.Әуезов).

- Ағылшындар тұсында алғанымыздан қалдырғанымыз көп болатын (Ғ.Мұстафин).

Абай Ерболға сүйсінгеннен қатты күлді (М.Әуезов). Осы сөйлемде:

барыс септігі – білдіре келгеніне ырзамын

табыс септігі – ұзақ болатынын білетін.

тапқанын мен танығаныңды мәлім етші

шығыс септігі – алғанымыздан көп болатын

сүйсінгеннен күлді.

Осы етістікті сөз тіркестерінің басыңқы сыңарлары етістік екені белгілі. Ал оның бағыныңқы сыңарлары да етістік. Ол етістіктердің барлығы да барыс, табыс, жатыс, шығыс жалғаулы есімшелер. Олай болса, есімшелер етістікті сөз тіркесінде бағыныңқы сыңарда жұмсалады екен.

Баукеңді құшақтаған бойы біраз уақыт жібермей тұрды (Егемен Қазақстан). Осы сөйлемде құшақтаған бойы, оқыған сайын түйдекті тіркестерінің негізгі сыңарлары есімше де оған түйдектелген шылаулар арқылы етістік пен етістік тіркесіп жұмсалған. Осы сияқты құбылыс тек есімшеде ғана емес, қимыл есімдерінде де кездеседі.

Әр аптаның жұмысында мемлекет басшысы бұл міндеттерді кезең-кезеңімен шешудің мүмкіндіктерін талқылау үшін премьер-министрмен кездесіп тұрмақшы (Егемен Қазақстан)

Есімшелер тек етістіктермен ғана тіркесіп қоймай, тіпті есімдермен де қабыса байланысып, сөз тіркестерін құрайды. Проф. М.Балақаев бұл мәселеге арнайы орын беріп, есімшенің есімдермен сөз тіркестерін жасауы қалыптасқанын көрсеткен. Бұл мәселе кейін барлық оқулық, ғылыми жұмыстар мен жекеленген есімше туралы диссертациялық жұмыстарда орын алды. Әрине, сөз тіркесі қалыптаспай тұрған кезде де есімшелердің есімдерге анықтауыш болуы тұрғысынан сөз болып келсе, енді бұл мәселе әрі сөйлем мүшесі, әрі сөз тіркесі тұрғысынан да арнайы сөз болғаны белгілі.

Есімше етістікті сөз тіркесінде әрі басыңқы, әрі бағыныңқы сыңарда жұмсалса, енді олар есімді сөз тіркесінде үнемі бағыныңқы қызметте ғана жұмсалады деу орынды. Есімшелер есімді сөз тіркесінде

а) **-ған, -ген** жұрнақтары арқылы:

Жаманның берген асынан.

Жақсының айтқан сөзі артық (мақал).

Ауру шықпаған жаннан дәмелі,

Жалқау бітпеген малдан дәмелі (мақал).

ә) **-атын, -етін, -йтын, -итін** жұрнақтары арқылы: Оның сөзіне дәл алғаш кезде жауап айтатын кісі болмады (М.Әуезов). Абайдың жалпақ сөзді сүймеітін мінезін Шұбар жақсы біледі (М.Әуезов). Оқуға ынталанбайтын жасбар ма қазір? (С.Мұқанов).

б) **-ар, -ер, -р** жұрнақтары арқылы: Қолдан келер жәрдемді көрсеттік (Ғ.Мүсірепов). Көзің жетер жерге дейін тігілген үйлер арасында ине

шаншар жер қалмағандай (Қ. Исабаев). Әкесі айтар әңгіме әлі таусылмағанын сезген Жамал үлкен адамша алысқа көз тігіп, өзін байсалды ұстап отыр (О.Бөкеев).

Есімшелердің бұл тұлғаларда есімдермен тіркесі анықтауыштық қатынаста жұмсалады. Есімшенің есімдермен бұлайша тіркесі үнемі айтылып келе жатқанымен, осы есімшелердің есімдермен тіркесінің өзі екі түрлі жағдайда сөз тіркесін құрайтындығын көруге болады. Біріншіден, жоғарыда көрсетілгендей есімшелердің **-ған, -ген, -ар, -ер, -р, -атын, -етін, -йтын, -итін** жұрнақты түрлері ғана есімдермен тіркесе алады. Екіншіден, осы тұлғалы есімшелер өзінен бұрын тұрған бір сөз тіркесін құрайды. Біз бұл жерде есімшелердің алғашқы сөз тіркесінен гөрі оның екінші түрдегі тіркесіне арнайы тоқталуды жөн көрдік. Өйткені, есімшелердің соңғы тіркесінің алғашқы сөз тіркесіне қарағанда өзіндік ерекшеліктері бар екені айқын. Бұл сөз тіркесінде есімше өзі басынқы сыңарда бағыныңқылық қызмет атқара отырып, әр түрлі сөз таптарын өзінің жетегіне алып, күрделі топ құрайды.

Есімшелердің бұлайша өзіне қатысты сөздермен біртоп құрауы, оның етістіктің басынқы сыңарда жұмсалуды кезіндегі қасиетімен тығыз байланысты. Жоғарыдағы сөйлемдерде есімшелердің тек басынқы сыңарда жұмсалуды ғана көрсетілген болатын. Осы сөйлемдерден мына сөз тіркестерін алып қарастыралық:

*Орынсыз жыртақтаған,
Ести сала мінген,
Талай айтқан,
тал шыбықтай бұраңдаған,
қазір болар,
ұзағырақ айқайлаған тәрізді,
Сегіз жүз жылқыдан қалмаған,
Әлеңге шығар т.б.*

Осы сөз тіркестерінің басынқы сыңарлары есімшелер де бағыныңқы сыңарлары

*орынсыз, ұзағырақ – үстеу
ести сала – көсемше,
қазір, талай – үстеу,
тал шыбықтай – үстеу,
Сегіз жүз жылқыдан – сан есім мен шығыс жалғаулы зат есім,
әлеңге – барыс жалғаулы зат есім.*

Сонда есімшелерге бағыныңқы қызметте осы сөз таптарының үнемі жұмсалатыны етістікті сөз тіркесінен белгілі екені айқын. Бұл есімшелердің етістікті сөз тіркесіндегі негізгі қасиеті деп білеміз. Ал есімшелер енді есімдерге бағыныңқы қызметте алдымен таза түрінде де, екіншіден, сол етістікті сөз тіркесінде де өзіне бағыныңқы қызметте жұмсалатын сөздерді өз жетегіне ала келіп, күрделі сөз тіркесін құрайды. Бірақ осы есімшелер арқылы құралған сөз тіркестерінде басы ашылмаған, әлі де ойлануды қажет

ететін мәселелер баршылық. Ол үшін мына сөйлемдердегі есімше қатысты сөз тіркестерін талдап көрелік.

Үйдің қабырғасында тырс-тырс соққан үлкен қабырға сағаттың дыбысы анық естіліп тұр (Ғ.Мұстафин) сөйлеміндегі *тырс-тырс соққан сағат* – деген күрделі сөз тіркесін талдап көрелік. Негізінде осында соққан сағат болып **-ған, -ген** тұлғалы есімше мен зат есімнің тіркесі болуы керек. Бұл есімшелі тіркестің негізгі бір қызметі. Осы сөйлемдегі *тырс-тырс* еліктеуіш сөзінің қай сөзбен сөз тіркесін құрауы ойланарлық жағдай. Еліктеуіш сөздер етістікті сөз тіркестерінде бағыныңқы қызметте жұмсалуды тиіс. Ал бұл жерде ол қандайда сөйлемнің соңындағы *естіліп тұр* етістігімен ғана сөз тіркесін құрап, *тырс-тырс естіліп тұр* болып пысықтауыштық қатынаста жұмсалуды тиіс еді, бірақ бұл жерде ол каншалықты *естіліп тұр* баяндауыштарымен осы жерде мағыналық жағынан бір келгенімен, сөйлемде өзі қатысты сөзі жағынан ол *естіліп тұр* күрделі етістігімен тіркесуге тиісті емес, тек *соққан* есімшесіне ғана қатысты жұмсалған. Осыдан барып, біріншіден, *тырс-тырс* еліктеуіш сөзінің сөз тіркесіне қатысуы, екіншіден, сөйлем мүшесі болуы, үшіншіден, байланысу формасы, төртіншіден, оған қойылатын сұрау мәселесі жағынан ойлануды қажет етеді. Енді есімшеге тек бір ғана сөз қатысты болмай бірнеше сөз қатар тіркесетін ерекшеліктеріне де тоқтала кетейік:

Шығыстан Барлыбайға қарай асатын Бөкенші асуының маңына да созылып барған. Екі аңшы келе жатқан бөктер бетегелі төскей болатын (М.Әуезов). Бұл сөйлемдерде де: *Шығыстан Барлыбайға қарай асатын Бөкенші. Екі аңшы келе жатқан бөктер* сияқты топтар да алдыңғы сөйлем іспетті. Алдыңғы сөйлемде тек бір ғана сөз есімшеге қатысты жұмсалса, ал мына сөйлемдердегі сондай сөздер, бірінші сөйлемде шығыс жалғаулы зат есім мен барыс жалғаулы зат есімге түйдектелген шылау арқылы *асатын* етістігіне қатысты жұмсалса, екінші сөйлемде тіпті әр түрлі сөз таптары, яғни *екі* есімдік сан есімі мен *аңшы* зат есімі *келе жатқан* көсемше мен есімшеге қатысты. Қолдағы бар материалдарға қарағанда, сөйлемнің ішінде есімшеге қатысты мұндай топтардың сөз саны жағынан да, сөз табы жағынан да және олардың тұлғалық ерекшеліктері жағынан да әр түрлі екеніне көз жеткізуге болады. Осы сияқты сөйлемдердің ішінде есімше алдында келетін бүкіл етістікті сөз тіркесінде бағыныңқы қызметте жұмсалатын мына сөз таптарының бәрі де

зат есім
сын есім
сан есім
есімдік
үстеу

еліктеуіш сөз, т.б. сияқты қабыса байланысқан жалғаусыз сөз таптары өздерінің әдеттегі қызметтерінен айрылып, енді есімдердің жетегіне, соның тобына бағынышты қалыпты басынан кешіреді. Осыдан барып, әдеттегі сөз